1. Тіл тағылымы [Мәтін]: (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) / А. Байтұрсынов,; [жалпы ред. басқ.: Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев; құраст.: Ф. Өнесов, А. Мектепов; араб жазуынан ауд.: Ж. Нәлібаев, Ж. Есеналиева, А. Төлегенов] - Алматы: Ана тілі, 1992. Б. 141, 395. <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=453852>
2. Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293
3. Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру талабы. <https://www.vkqu.kz/kk/newsitem/latyn-lipbiine-koshu-ruhani-zhangyru-talaby.html>
4. Латын әліпбиі – өзекті мәселе. <https://e-history.kz/kz/publications/view/3467>
5. <https://www.qazlatyn.kz>
6. Жаңа қазақ жазуы мен емлесін қолданудың тәжірибелік негіздері: Әдістемелік нұсқаулық/құраст.: Айткенова М.Б., Мукушева М.А., Сулейменов М.Б., Тойымбекова Ж.Б. – Қарағанды, 2019. – 39 б.
7. Төл сөздегі Ю, Я әрпінің жазылуы - <https://youtu.be/NAEDvjaWNGE>
8. «Бейүндес (аралас) буынды сөздер» - <https://youtu.be/1pRTjZSOJAs>
9. «Латын әліпбиін үйренейік» - https://youtu.be/5MuvA_X7EqE

М.Б. Айткенова, Ж.Б. Сакаюова

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ-ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ

В статье рассматриваются условия перехода казахского языка на латинский алфавит. Автором описаны несколько исторических этапов развития системы казахского алфавита и подчеркивается государственное, общественное, социальное значение перехода на латинскую графику.

Также в статье представлены результаты исследований ученых, которые описывают наиболее эффективные условия перехода на латинский алфавит. Показаны пути практической реализации поэтапного плана мероприятий АО НЦПК «Өрлеу» по переходу алфавита казахского языка на латинскую графику.

Ключевые слова: латинская графика, языковая проблема, казахская интеллигенция, исторические этапы, мероприятия.

TRANSITION TO LATIN SCRIPT IS THE TIME CHALLENGE

The article deals with the conditions for the transition of Kazakh language to Latin alphabet. The author describes several historical stages of Kazakh alphabet system development and emphasizes the state, public, social significance of transition to the Latin script.

The article also presents the results of the scientists researches which describe the most effective conditions for the transition to Latin alphabet.

The ways of JSC «NCPD «Orleu» practical action plan of Kazakh language alphabet transition to Latin script have been shown.

Key words: Latin graphics, language problem, Kazakh intelligentsia, historical stages, events.

М.А. ЖЕТПИСБАЕВА¹, Н.З. АКУЛЬБЕКОВА², Л.С. АБЗАЛБЕК³

¹«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ,
Қарағанды қ., Қазақстан
zhetpysbayeva.m@orleu-edu.kz

²«НЗМ» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы
akulbekova_nz@mail.ru

³«НЗМ» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
arual87@mail.ru

ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУҒА КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТАРИХ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК-ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Тарих пәнін екінші тілде оқыту мәселесі аталған пән мұғалімдерінің пән мазмұнын білуімен қатар, тілдік құзыреттілік деңгейінің болуын талап етеді. Осы орайда тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру, нақты айтқанда, пән мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесін меңгеру мәселесі туындайды.

Мақалада Қарағанды облысының тарих пәні мұғалімдерінің пәнді екінші тілде оқытуға дайындықтары, оқытуда мұндай тәсілді жүзеге асыру барысында туындауы мүмкін қиындықтар, сонымен қатар педагогтің пән мен тілді кіріктіріп оқыту барысында қажетті құзыреттіліктерінің сипаттамасы туралы сауалнама нәтижелерінің талдауы енгізілген. Тарих пәні мұғалімдерінің тілдік білім берудегі рөлінің маңыздылығы мен айқындалған қайшылықтар мақала тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: көптілділікті білім беру, пән мен тілді кіріктіре оқыту, тілдік құзыреттілік, сауалнама нәтижесі.

Үштілді (көптілді) білім – әлемдік заманауи үрдістерге толығымен сай келетін болашағы зор стратегия. Еуропа одағындағы елдерде «тілді өмір бойы үйрену» атты көлемді жоба жүзеге асырылады. Оның ең басты ерекшелігі – «білім беру сапасы мен инклюзивтілігінің маңызды факторы» болып саналатын үштілді білім берудің тұжырымдамасы [1].

Л.С.Выготский көптілділіктің негізіне қоғамдық даму жағдайына сәйкес келетін, дұрыс құрастырылған тілдерді оқыту жүйесі қалануы керек деп атап өткен. Мектеп және ЖОО жүйелері, мемлекеттік тіл саясаты ортақ мақсаттарды көздей отырып, бірігіп әрекет ете алады, сонда ғана оның нәтижесі жоғары деңгейде сәтті болмақ [2, 49-б.].

Үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес 2020-2021 жылдары оқыту орыс тілінде жүргізілетін білім беру ұйымдарында «Қазақстан тарихы» пәнін қазақ тілінде, ал оқыту қазақ тілінде жүргізілетін білім беру ұйымдарында «Дүниежүзі тарихы» пәнін орыс тілінде жүргізу жоспарлануда [3]. Осыған орай тарих пәнінің мұғалімдеріне тек пәнді меңгертіп қана қоймай, тілге де үйрету (пән арқылы) міндеттері қойылады, бұл өз кезегінде екінші тілді жеткілікті деңгейде білуді және қажетті әдістемелік білім мен біліктерді игеруді талап етеді.

Тарихты екінші тілде оқыту жағдайындағы коммуникативтік-тілдік құзыреттілік кәсіби білім, білік, дағдының, қабілеттер мен маңызды сапалардың жүйесі сияқты кәсіби құзыреттілік құрылымына кіреді.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, педагогтің коммуникативтік-тілдік құзыреттілігіне келесі компоненттер жатады:

- 1) уәж (құзыреттілігін көрсетуге дайын болу, өзіндік тұлғалық дамуға қызығушылық таныту);
- 2) когнитивтік аспект (екі немесе одан да көп тілді білу, пәндік білім);
- 3) мінез-құлық аспектсі (әр түрлі стандартты және стандартты емес жағдаяттарда құзыреттілігін көрсете алу іс-тәжірибесінің болуы, қарым-қатынас барысында туындайтын мәселердегі тиімді шеше білу қабілеті);
- 4) құндылықтық-мазмұндық аспект (құзыреттілік мазмұнына және оның қосымша нысандарына деген қарым-қатынас, мұғалімнің кәсіби шыңдалуға дайын болуы);
- 5) эмоционалдық-ерік-жігер аспектсі (үдерісті және құзыреттілікті көрсету нәтижесын эмоционалды-жігерлі реттеу) [4, 113-117-б.].

Тарих мұғалімінің коммуникативтік-тілдік құзыреті тек базалық тарихи және тілдік білім, біліктілікпен ғана анықталмайды, ол мұғалімнің өз кәсібіндегі білім, іс-тәжірибе, адамдармен қарым-қатынасты бағалай алу білігімен, оның кәсіби уәждері мен қалауларын сипаттайтын құндылықтық бағдарларымен айқындалады. Іс-әрекеттің нәтижелігі мен тиімділігіне педагогикалық қызметке қызығушылығын оятатын уәжі мен қалаулары ықпал етеді.

Коммуникативтік құзыреттілік өзге адамдармен ынтымақтасуға, өзара қарым-қатынас жасауға, сонымен қатар өзге көзқарастар мен пікірлерге, өзге ұстанымдар мен мәдени ерекшеліктерге төзімді болуға ықпал етеді. Тарих пәнін жүргізу белгілі бір шындықтар топтамасын баяндау немесе есте сақтап қалу үшін даталар мен оқиғаларды айту үдерісіне айналып кетпеуі керек. Тарихты түсіну қарым-қатынас жасау жағдаяттары арқылы, көзқарастармен, пікірлермен алмасу арқылы қалыптасуы тиіс. Әртүрлі пікірлер мен ұстанымдарға түсіністікпен қарау оқушылардың шығармашылығына және елдер мен құрлықтар тарихындағы қайшылықты сұрақтарды қарастыру барысында іздемпаз болуына мүмкіндік тудырады [5].

Орта білім беру мазмұнын жаңартуда барлық пән мұғалімдері тілдік мақсаттарды қалыптастыру керек деп қарастырылған. Тарих сабағын екінші тілде жүргізу жағдайында тілдік мақсат қысқа мерзімді сабақ жоспарының міндетті құрылымдық бөлшегі болып саналады.

Қарағанды облысы бойынша тарих мұғалімдерінің пәнді екінші тілде жүргізуге дайындығын зерттеу мақсатында және алдағы уақытта жалпы орта білім беретін мектептерде тарих пәнін екінші тілде жүргізу тәжірибесінде орын алатын өзгерістерге байланысты олардың кәсіби қажеттіліктерін анықтау мақсатында 2017 жылы «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ оқытушылары аймақ педагогтерінің арасында – тарих мұғалімдеріне сауалнама жүргізді.

Сауалнамаға 102 адам қатысты, оның ішінде 81% – қала мектептерінің мұғалімдері, 19% – ауылдық білім беру ұйымдарынан. Респонденттердің арасында жұмыс өтілі 5 жылға дейінгілер – 9%, 20 жылға дейінгілер – 52% және 20 жылдан артық – 39%.

Сауалнама қорытындысына жасалған сараптама сауал жүргізілген педагогтердің 11%-ы тарихты қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізетінін көрсетті. Бұл жағдайда тарихи цикл пәндерін оқыту бірінші тілде жүргізілетіні айтылып отыр. Бұл мұғалімдердің басым бөлігі – аралас тілде оқытатын мектеп мұғалімдері.

Тарихи пәндерді екінші тілде жүргізуге көшіру туралы педагогтердің пікірлерін анықтауға бағытталған сұрақтардың жауаптары респонденттердің көзқарастары әртүрлі болғанын көрсетті (1-кесте).

1-кесте. Тарих мұғалімдерінің пәнді екінші тілде жүргізуге қатысты көзқарастары

Сауалнама жауаптары	Пайыздық көрсеткіш (%)
Тарихты екінші тілде оқыту пән мен тілді тереңірек меңгеруге ықпал етеді.	28,7
Тарихты екінші тілде оқыту оқушылардың пәнге деген уәжін арттыруға кері әсерін тигізеді.	36,6
Жауап беруге қиналамын.	34,7

Респонденттердің жалпы санының 28,7%-ы оң көзқарасын білдіріп, тарихты екінші тілде өткізу пән мен тілді анағұрлым тереңірек меңгеруге ықпал ететіндігін айтады. Сауалнама қатысушыларының үштен бір бөлігі (респонденттердің жалпы санының 36,6%-ы) тарихты екінші тілде оқытуға қарсы екендіктерін білдірді. Олардың пікірінше, тарихты екінші тілде оқыту оқушылардың уәжін арттыруға ықпал етпейді және тарих пәнін меңгеру сапасына кері әсерін тигізеді. Сауал жүргізілген мұғалімдердің қалған үштен бір бөлігі (34,7%) жауап беруде қиналған, бұл кейбір мұғалімдердің сауалнама мәнін түсінбегендігін және жеткілікті ақпараттанбағандығын көрсетті.

Сауалнама қатысушыларының екінші тілді білу деңгейін өзіндік бағалау қорытындысын сараптау респонденттердің басым бөлігінің (63%) өз деңгейін қарапайым деп бағалайтындығын көрсетті.

Тарих мұғалімдерінің 22%-ы абстрактілі және нақты тақырыптарға берілген күрделі мәтіндердің мазмұнын, тар аядағы мәтіндерді екінші тілде түсінетіндерін, тілді тасымалдаушы адамдармен тұрақты қарым-қатынас жасау үшін екі жаққа да аса қиындық тудырмайтындай деңгейде біршама жылдам және кенеттен сөйлей алатындарын айтады. Тек мұғалімдердің 15%-ы ғана екінші тілде еркін сөйлей алатындықтарын, яғни кез келген ауызша немесе жазбаша хабарламаны түсінеді, бірнеше ауызша және жазбаша дереккөздерге сүйеніп, байланысқан мәтін құрай алады, күрделі жағдаяттардың өзінде сөздің терең мағынасын түсініп, жылдам және дәл, орынды сөйлей алатындарын көрсетеді (2-кесте).

2-кесте. Екінші тілді білу деңгейін өзіндік бағалау

Сауалнама жауаптары	Пайыздық көрсеткіш (%)
Қарапайым деңгей: егер тілдесуші баяу және анық сөйлейтін болса, күрделі емес әңгімеге араласа аламын.	63
Жеткілікті деңгей: абстрактілі және нақты тақырыптарға берілген күрделі мәтіндердің, тар аядағы мәтіндердің жалпы мазмұнын түсінемін, тілді тасымалдаушы адамдармен тұрақты қарым-қатынас жасау үшін екі жаққа да аса қиындық тудырмайтындай деңгейде біршама жылдам және кенеттен сөйлей аламын.	36,6
Еркін меңгеру деңгейі: кез келген ауызша немесе жазбаша хабарламаны түсінемін, бірнеше ауызша және жазбаша дереккөздерге сүйеніп, өзара байланысқан мәтін құрай аламын, күрделі жағдаяттарда да сөздің түпкі мағынасын аша отырып, өте жылдам, дәл, анық сөйлей аламын.	34,7

Мұғалімдердің өздерін бағалау көрсеткіштері Қарағанды қаласының білім бөлімі 2016 жылы қалалық тарих мұғалімдерінің қазақ тілін білу деңгейін (екінші тіл ретінде) анықтау мақсатында ҚазТест бағдарламасының көмегімен өткізген тестілеу нәтижелерімен өзара байланысты. Тестілеуге барлығы 226 адам қатысқан [12].

226 адамның 129-ы қазақ тілін бастапқы және базалық деңгейде біледі (60%-ға жуығы). Тілді орташа деңгейде 72 адам (33%), ортадан жоғары деңгейде 15 адам біледі (7%). Қазақ тілін екінші тіл ретінде жоғары деңгейде білетін мұғалім жоқ болып шықты (3-кесте).

3-кесте. Қарағанды қаласының тарих мұғалімдерінің ҚазТЕСТ нәтижелері

Қазақ тілін білу деңгейі	Саны, адам	Пайызы
Бастапқы	43	19,9%
Базалық	86	39,8%
Орта	72	33%
Ортадан жоғары	15	6,9%
Жоғары	-	-

Мұғалімдердің пікірінше, тарихты екінші тілде оқытуды енгізу міндеттерін шешу үшін, ең алдымен, тілдік курстар ұйымдастырылу керек. Мұғалімдердің 45,5%-ы осындай пікірде. Респонденттердің 36,6%-ы пәнді екінші тілде оқыту әдістемесі бойынша біліктілік арттыру курстарын өткізу қажеттілігін көрсетеді. Педагогтердің аз бөлігі екінші тілде оқытуға көшу үшін қосымша қолдауды қажет етпейтіндіктерін айтады (15,8%).

Екінші тілді жеткілікті деңгейде білмеумен қатар, тарихты екінші тілде оқытуда туындайтын қиындықтардың қатарына педагогтер оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстардың жетіспеушілігін (18,8%), педагогтердің екінші тілде сабақ жүргізу әдістемесін білу деңгейінің төмендігін қосады (7%). Аталған барлық факторларды респонденттердің 33,7%-ы көрсетіп отыр.

Осылайша зерттеу нәтижелері тарих пәндерін екінші тілде оқытуды жүзеге асыру барысында туындауы мүмкін мәселелерді айқындады:

1. Пәнді екінші тілде, аталған жағдайда, «Дүниежүзі тарихы» пәнін қазақ мектептерінде орыс тілінде, «Қазақстан тарихы» пәнін орыс мектептерінде қазақ тілінде оқытуға дайын педагогикалық кадрлардың екінші тілді меңгеру деңгейінің төмендігі;

2. Пән мен тілді кіріктіре оқыту әдістемесін толық меңгермеу;

3. Үштілді білім беру жүйесінде жұмыс жасау үшін мұғалімдерді даярлауға арналған ғылыми, оқу-әдістемелік, ақпараттық және басқа да ресурстардың жеткіліксіздігі.

Заманға сай оқу-әдістемелік және ғылыми-педагогикалық базаны дамыту қажеттілігімен қатар пәнді екінші тілде сапалы оқытуға қабілетті педагогикалық мамандарға деген сұранысты қамтамасыз ету үштілді білім беруді жүзеге асырудың, оның ішінде тарихи пәндерді екінші тілде оқытудың ең маңызды міндеті болып саналады.

Тарихты екінші тілде оқытудың нәтижелігіне қол жеткізу үшін сабақта оқу үдерісін ерекше ұйымдастыру керек, сабақты жоспарлауға және мақсаттарын анықтауға, оқу барысында пәннің мазмұны мен тілді меңгеру үдерісін қатар қолдануға, бағалауға мүмкіндік беретін оқу материалдарын іріктеу тәсілдеріне өзгеріспен келу керек.

Үштілділікті қалыптастыру күрделі де ұзаққа созылатын үдеріс, соған қарамастан бүгінгі күннің саяси, экономикалық жағдайы тұрғысынан алып қарайтын болсақ, өте маңызды міндеттердің бірі. Тілдік құзыреттерді қалыптастыру жалпылай алғанда дербес мәдениетті байытудың құндылығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1100000110> (01.10.2019)
2. Выготский Л.С. К вопросу о многоязычии в детском возрасте // Собрание сочинений: В 6 т. Т.3. Проблемы развития психики / Под ред. А.М. Матюшкина. – М.: Педагогика, 1983. – 368 с.
3. «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы №622, ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы №344 және ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы №1066 бірлескен бұйрығы
- http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35182262 (01.10.2019)
4. Кульбаева Б.Т. Языковая компетенция как составляющая межкультурной компетентности // Вестник национальной академии наук Республики Казахстан. – 2007 г. – № 3. – С. 113-117.
5. Атаманова И.В. Становление профессионально-ориентированной иноязычной коммуникативной компетентности как психологического феномена.
- <http://scicenter.online/akmeologiya/inoyazyichnaya-kommunikativnaya-kompetentnost-129390.html> (01.10.2019)

М.А. Жетписбаева, Н.З. Акульбекова, Л.С. Абзалбек

КОММУНИКАТИВНО-ЯЗЫКОВАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ УЧИТЕЛЕЙ ИСТОРИИ В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К ПРЕДМЕТНО-ЯЗЫКОВОМУ ИНТЕГРИРОВАННОМУ ОБУЧЕНИЮ

Проблема преподавания истории на втором языке требует наличия у учителей данного предмета не только знания содержания предмета, но и высокого уровня языковой компетентности. Поэтому возникает вопрос о необходимости повышения профессиональной компетентности учителей истории, а именно – освоение методики предметно-языкового интегрированного обучения.

В статью включен анализ результатов анкетирования учителей истории Карагандинской области о готовности к преподаванию предмета на втором языке; трудностях, которые могут возникнуть при реализации такого подхода в обучении, а также описание необходимых компетенций педагога при интегрированном обучении предмета и языка. Значимость роли учителей истории в языковом образовании и выявленные противоречия отражают актуальность темы статьи.

Ключевые слова: полиязычное образование, предметно-языковое интегрированное обучение, языковая компетентность, результаты анкетирования.

M. Zhetpisbayeva, N. Akulbekova, L. Abzalbek

**COMMUNICATIVE AND LINGUISTIC COMPETENCE OF HISTORY
TEACHERS IN THE TRANSITION TO CONTENT AND LANGUAGE
INTEGRATED LEARNING**

The problem of teaching history in a second language requires teachers of the subject not only knowledge of the content of the subject, but also a high level of linguistic competence. Therefore, there is a issue of the need to improve the professional competence of history teachers, namely, development of methods of content and language integrated learning.

The article includes an analysis of the results of a survey of history teachers of Karaganda region on the readiness to teach the subject in the second language; difficulties that may arise in the implementation of this approach in teaching, as well as a description of the necessary competencies of the teacher in the integrated teaching of the subject and language. The importance of the role of history teachers in language education and the revealed contradictions reflect the relevance of the article.

Keywords: multilingual education, content and language integrated learning, language competence, the results of the survey.

О.М. АЙГОЖИН

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Қарағанды қ., Қазақстан
orak.moldadekovich@mail.ru*

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ

Бұл мақалада дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің кәсіби құзіреттіліктерін арттыруда Қарағанды облысы бойынша үш жылдың ішінде атқарылып отырған жұмыстар бағыты аталып отыр. Сонымен қатар осы саладағы жетістіктер мен кемшіліктер көрсетіліп, оларды шешу жолдары ұсынылған.

Түйінді сөздер: педагогтардың кәсіби құзіреттілігі, пәндік білім, педагогикалық-психологиялық инновациялар, жаңартылған білім бағдарламасы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзіреттілігіне жоғары талаптар қояды. Және педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту жоспарының мақсатын жүзеге асыруға да бағытталған. Ол мақсат оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады. Аталған өзгерістерді жүзеге асыру үшін білім беру жүйесінде қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Бұл өзгерісті жүзеге асыратын педагогтер. Педагогтерді өзгерістерге дайындау, олардың кәсіби құзіреттілігін дамыту біліктілігі арттыру жүйесінің еншісі. Осы салада Қарағанды облысы бойынша педагогтердің біліктіру көтеретін «Өрлеу» институтының филиалының атқарып отырған жұмысы маңызды орын алады. Үш жылдың ішінде орта мектеп жүйесіндегі негізгі пәндер бойынша институттың тренерлері қарқынды еңбек жасап мыңдаған мұғалімдерді мазмұны жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқытып шығарды.

Алайда бұл біліктілік көтеру саласының бір ғана қыры. Келесі кезекте пән мұғалімдері сусындаған білім мен дағдыларын оқушылардың бойына сіңіре отырып жаңа форматта ойлап, заманауи технологияларды пайдалана білуін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл бағытта облыс мектептерінің ұстаздары әр аймақта жаңа мазмұнда сабақтарын өткізіп жетістіктерін көрсету үстінде. Осы қатарда дене шынықтыру сабақтарын жаңаша, өзгертілген әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүргізуде алдыңғы қатардан көрініп құзіреттіліктерінің артқанын дәлелдеу үстінде. Пән мұғалімдері көзге түсіп тәжірибесімен бөлісуде біршама сабақтарды өткізіп жетістіктері мен бөлісті. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі тек қана пәндік біліммен шектелмей жасөспірімдердің педагогикасы және психологиясын заманның талабына сай қайта қарастыруында талап етеді. Әр өткізген сабағын, сабақтан тыс іс-шараларда жаңаша көзқарас танытып оқушыларын неғұрлым көп ізденуге тартып бойларына алғырлық, ойшылдық, атқарған жұмыстарының белгілі бір нәтижесінің жемісін көрсетуді нысанаға алуы керек. Жүйелі жұмыс оқушылардың бойында еңбекқорлықты әрі қарай дамытып, өз бетімен шешім қабылдау дағдыларын дамытады, оның түпкі жетістіктері: келешегін болжап кәмілетке толу шағында қандай мамандықтың иесі болатынын анықтай алатындығында.

Дене шынықтыру пәні аталған оқу-тәрбие жұмыстарында ерекше орын алады. Сынып бөлмесінде көптеген пәндер бойынша күндікте партада отырған оқушы шаршап жалығып кететін сәттері болады. Ол оқушылардың ойлау қабілетін төмендетіп, оқуға деген зейініне кедергі келтіреді. Сондықтан сабақ үстінде балалармен бір мезгіл сергіту сәтін өкізу әр пән мұғалімінің міндеті. Оқушының сабаққа киіп келген киіміне байланысты жаттығулар топтамасын даярлап өткізу керектігін атап өткен дұрыс. Дене шынықтыру мұғалімі оқушылармен өзінің сабақтарында осындай жаттығуларды дайындауда көмек көрсеткені дұрыс. Оның нәтижесінде оқушылар үлкендердің араласуынсыз үш минуттық дене жаттығуларын орындайды, бұл да олардың бойында белсенділік дағдыларын дамытады. Жоғарыда аталған іс-шараларды сапалы түрде өкізу үшін дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің өздері жаңашыл болып үнемі іздену үстінде болғаны жөн.

Бүгінгі күнде оқушыларды аяқ асты таңғалдыру оңайға соқпайды, сондықтан жаттығулар таңдағанда, спорттық шаралар өткізуде әр сыныптағы оқушылардың мінез-құлқы мен басқада физиологиялық ерекшеліктерін естен шығаруға болмайды. Ойластырған тапсырмалар мен жаттығулар оқушылардың көңілінен шығып жатса олар да ұсынған тапсырмаларды қызығушылықпен атқаруда болады.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің сапасы – ол оқушыларынан алған бағасы, бұл өлшем ұстаз үшін өте маңызды және бағалы. Мектеп мұғалімінің тынымсыз іздену үстінде болуыда осы талаптардан шығады. Дене тәрбиесінің мамандарына тоқталатын болсақ – ол оқушы балалардың денсаулығын нығайтумен шектелмей шәкірттерінің бойында салауатты өмір салтының негізін қалыптастырушы болып келеді. Дене шынықтыру пәні мұғалімінің ерекшелігіне байланысты оқытылатын пәннің теориялық мазмұнын жетік біліп, оны оқушыларға жеткізе алатын кәсіби құзыреттілігі болмаса, ондай мұғалімнің еңбегі нәтижелі бола алмайды.

Кәсіби құзіреттілік деп оқытушының жеке бас сапалары мен оның психологиялық – педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Мұғалім өз ісінің шебері болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік спортты, өз елінің спорт мәдениетін меңгеріп әлемдік білім кеңістігінің өрісінен шыға алуға талпынуы керек. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамытуда еңбек өтілі мен тәжірибесі үлкен рөл атқарады.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңарулар мұғалімнен кәсіби біліктілігін үнемі көтеруді қажетсінеді. Сондықтан да кәсіби біліктілігі, шығармашылық ойлауы жоғары мұғалімге деген сұраныс көп.

Осымен байланысты мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін төмендегідей жұмыстарды жолға қойған дұрыс болар еді:

- Спорттық ойындардың техникасын және дағдыларын жандандыру;
- Педагогикалық-психологиялық инновацияларды меңгеру;
- Әр түрлі формада жаңа технологияны меңгеруге көмек көрсету;
- Оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыру;
- Өзара іс-тәжірибелермен алмасу.

Атап айтқанда жоғарыда айтылған жұмыстарды облыс қалалары мен аудандарында еңбек етіп жатқан дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері мен кері байланыста әдістемелік көмек көрсету десанттарына шыққан кездерде байқаймыз. Сабақтарына қатысып талқылап пікір алмасу кезінде бір көзге басылатын өзгерушілік – ол пән мұғалімдерінің ескі көзқарастардан бет бұрып жаңаша оқуда шәкірттерін жаңа тәсілдер пайдалану үстінде сабақ тапсырмаларында белсенділіктерін арттыруы. Бүгінгі оқушы мұғаліммен сабақ мақсаттарын бірге талқылап ортақ тиімді шешім қабылдау дәрежесін көрсетеді. Бұл жақсы, қуантарлық дағдарыс оқушылардың бойындағы ұяңдықпен енжарлықты жойып өзінің атқарып жатқан

тапсырмаларын егжей-тегжей талқылау арқылы пайдалы жақтарын анықтауында көрінісін тауып отыр.

Соңғы зерттеулерде педагогикалық құзыреттілік деп маманның өз іс-әрекетінде білімін, білігін және әрекетті орындаудың жалпылама тәсілін жұмылдыра білу қабілетін айтады. Педагогикалық-психологиялық зерттеулерде құзыреттіліктің төмендегі түрлері анықталған:

- коммуникативті құзыреттілік – әр тілде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасау технологиясын меңгеру (бұған компьютерлік бағдарламалар, интернет арқылы қарым-қатынас жасау кіреді);

- ақпараттық құзыреттілік – қажетті ақпаратты өздігінше іздеу, талдау, зерттеу білігі-педагогикалық іс-әрекетті нормативті-құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету, ақпараттық технологияларды меңгеру;

- жалпы мәдени құзыреттілік – ұлттық, жалпыадами мәдениет саласындағы білімнің болуы: тұлғалық аксиологиялық жүйені меңгеруі; түрлі этномәдениетке толеранттылық таныту;

- танымдық-шығармашылық құзыреттілік – оқу-танымдық іс-әрекетке мақсат қою, жоспарлау; дамыған шығармашылық қабілеттің болуы; жаңа білімді өздігінше меңгеру қабілеті;

- әлеуметтік-еңбектік құзыреттілік – өзіне жауапкершілік алу білу қабілеті; жеке мүддесінің қоғам талаптарымен сәйкес келуі; кәсіби әрекетті өздігінше орындауға дайын болу қабілеті;

- кәсіби құзыреттілік – белсенді өмірлік ұстаным; кәсіби білім мен білік; жеке кәсіби сипат; шығармашылық білік [1]

Кейінгі үш жыл ішінде орта білім аясында терең өзгерістер өту үстінде – ең бастысы мектеп бағдарламасының жаңарту саласындағы жаңа әдістердің еніп қолдануы. Мазмұны жаңартылған білім бағдарламасына мемлекетіміз пилоттық тұрғыдан 2015 жылдан бастап енді. Одан кейінгі жылдар үстінде бірте-бірте сыныптарды жаңартылған бағдарлама бойынша оқытуға енгізе отырып бүгінгі күнде бірінші сыныптан оныншы сыныпқа дейін толық қамтылып отыр. Осындай күрделі үдеріс үстінде бола тұрып пән мұғалімдерінің жаңа бағдарлама бойынша біліктілерін көтеріп кәсіби құзыреттіліктері дамыту үстінде болуы міндетті. Тәуелсіз елге — білікті маман демекші, педагогикалық шеберліктің негізі, білім мен тәрбиені ұштастырумен қатар – педагогтардың жаңа технологияны меңгере білуінде және оны өз тәжірибесінде қолдана алуында.

Екі мың он жетінші он тоғызыншы жылдар аралығында Қарағанды облысы бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің тоғыз жүз жетпіс екісі жаңартылған білім бағдарламасы курстарын оқып бітірді. Оқыту үстінде көңілден шығарлықтай белсенділіктерін арта отырып жаңа оқу тәсілдерін игеруде қызығушылықтарын арта түсті. Оқу мақсаттарын талқылап сабаққа мақсаттар құруда алдыңғы тәжірибелерін молынан пайдалану арқылы жетістікте болды. Келешекте оқушылардың бойына екпінділікті дамытып, дұрыс шешім қабылдауда тапсырмаларды сапалы орындау дағдыларын өз бойларынан өткізу арқылы біліктіліктерін асыруда болды. Саралау, критериалды бағалау тәсілдері мен танысып курс аясында оқушылардың келешекте оңтайлы ортада оқуда болуын және тапсырмаларға бағалау критерийлер қою арқылы әділ бағалауды үйренді. Педагогикалық құзыреттіліктің жаңа қырларын игеріп келешекте бала оқытуда пайдалнуды үйреніп анықтады.

Мектептегі жаңа бағдарламаның енгізілуі мен оқыту процессі жалпы ұстаздарды дайындап шығару мен шектелмейді. 2017 – 2019 жылдар арасында Қарағанды облысы бойынша «Өрлеу» біліктілік арттыру орталығының жұмысы мұғалімдерді курстан кейінгі қолдауда әдістемелік десанттар жұмысы арқылы жалғасты. Осы жылдар ішінде Ақтоғай, Қарқаралы, Жаңа арқа, Бұқар жырау, Нұра, Шет, Осакаров аудандарында және Балқаш қаласының мұғалімдеріне әдістемелік көрсету үстінде

сабақтарына қатысып талдаулар өткізілді. Дене шынықтыру пән мұғалімдерінің он екі сабағына қатысып оқыту деңгейін талқылап кемшіліктерін жоюға көмек көрсетілді. Оның ішінде ерекше көзге түскен сабақтар: Магер С.В. – Балхаш қаласының № 17 мектеп-лицейі, Сисабаев К. – Бұқар жырау ауданының Көкпекті орта мектебі, Джазалиев М.А. – Нұра ауданының Пржевальский ОМ, Смагулов Е.К. – Қарағанды қаласының №83 ЖББОМ дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің жаңаша сабақ өткізу тәсілдерін қолдана білуі болды.

Сонымен қатар осындай тәжірибе алмасу үстінде дене шынықтыру пәні бойынша көптеген мұғалімдерден әдістемелік көмек талап етуде сан-алуан сұраныстар түсіп отырады. Демек, сұрақ туғаннан кейін жауабын да мезгілінде беріп мұғалімдерді қанағаттандыру тренер ретінде менің міндеттерімнің бірі деп түсінемін. Туындаған қиындықтарын шешу үстінде әлеуметтік желілер арқылы, электронды почталарына керекті ақпараттар салып қашықтықтан көмек көрсетілу жасалады. Нәтижесінде облыстың көптеген мұғалімдері дер кезінде керекті көмек алып жаңа бағдарлама бойынша атқаратын жұмысын дұрыс жолмен шешеді. Өкінішке орай кейбір білім бөлімдерінің дене шынықтыру және алғашқы әскери - технологиялық дайындық пәндерінің әдіскерлері әріптестерімізге практикалық көмек көрсетуде аудандық семинарлар өткізіп сабақтар талдаудан әлде қашан бас тартқан сыңайлы. Осы тұрғыда алдыңғы тәжірибені қолданып, аталған пәндер бойынша айына бір практикалық семинар өткізуде сабақ өткізіп, ол сабақты талқылауға бүкіл қатысушылардың екпінді қатысуы үстінде жүргізіп әдістемелік нұсқаулар берілуі тиіс. Тек сонда ғана педагогтер өз жетістіктері мен бөлісіп, жас мамандарды сүйемелдеп кәсіби құзіреттіліктерін арттыруда болады.

Мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін арттыруда қысқа мерзімді курстардың алатын орны ерекше. Екі апта оқу үстінде пән мұғалімдері нормативтік-құқықтық, психологиялық, мазмұндық модульдер оқуда жаңа заңдар және нормативтік құжаттармен танысып талқылау өткізіп өздерінің функционалдық міндеттерін анықтау үстінде болады. Технологиялық модульді оқыту кезінде дене шынықтыру сабақтарында ақпараттық- коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы сабақтың сапасын арттыру техникаларын игереді. Курста әр түрлі формада өткізілген сабақтарда жаңа стратегиялар үйреніп келешекте өз сабақтарында пайдалануды зерттеу арқылы ұғынады. Қысқа мерзімді біліктілік арттыру курстарының кестесінде жылжымалы тәжірибелік сабақтар өткізу қарастырылған. Аталған сабақтарда жаңа технологияларды пайдаланып кіші топтарда дене шынықтыру мұғалімдері курс кураторымен ақылдасып спорттық бөлімдердің әр түрінен сабақ өткізеді. Мұндай сабақтар үстінде өздері мұғалімнің, сарапшының және оқушының рөлдерінде болады. Осындай сабақтар арқылы жас мамандар тәжірибе жинап кәсіби шеберліктерін арттыру үстінде болады. Сонымен қатар әртүрлі әдістемелерді ортаға салып талқылауда олардың тиімділіктерін арттырып өздерінің жұмыстарында пайдалану жолдарын анықтап сарапқа салады.

«Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс.» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында атап өтті.[2]

2018 жылдан бастап «Өрлеу» «Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдары үшін бейне-сабақтар мен бейне-дәрістердің жыл сайын «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық конкурсын өткізуді бастап кетті. Бұл конкурста педагогтар өз идеяларын ортаға салып бейне фильмдер арқылы мол тәжірибелерімен бөлісу көзделген. Пән мұғалімдері кәсіптік жетістіктерімен

бөлісіп шеберліктерін ортаға ұсыну арқылы өзін танытып сабақты өткізудің әр түрлі формаларын ортаға салады. Осы проектіге қатысқан мұғалімдердің ішінде дене шынықтыру сабақтарының түрлі өткізу идеяларымен көзге түскен мұғалімдердің саны артып келеді. Былтырғы оқу жылы өзінің шеберлігімен танылған Шахтинск қаласының дене шынықтыру мұғалімі Перепелица Инна Григорьевна баскетболда жаттықтыру жұмыстарын әр жастағы оқушылармен қаншалықты тиімді өткізудегі идеясымен үздік болды. Үстіміздегі жылдың панорамалық сабақтар көрсетілімінде Қарағанды қаласының бейне ролигі үздік атанып волейбол ойыны арқылы бірінші орынға № 54 жалпы білім беретін орта мектебінің дене шынықтыру мұғалімі Турлин Кайрулла Калилович ие болды. Осындай өткізіліп жатқан өзекті іс-шараларда өздерін креативті жағынан көрсете біліп жаңа белестерге шыққан мұғалімдердің атқарған істеріне ризашылықпен қарай отырып, қанша әріптестеріне әдістемелік көмек көрсеткеніне көз жеткізуге болады.

2019 жылдың екінші қыркүйегіндегі Президенттің Қазақстан халқына арналған жолдауында былай айтылған: «Балаларға спорттық инфраструктуралардың максималды қолжеткілікті болуын қамтамасыздыру. Бұқаралық спорттың дамуы пирамида болса оның шыңында жаңа чемпиондар, негізінде біз дені сау, белсенді жастарды қалыптастыруымыз керек – кепілі мықты ұлт» [3]

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажет.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында

- оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге;
- дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге,
- дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгертуге;
- өзін-өзі реттеуін қалыптастыру;
- дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру;
- дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту;
- релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту;

психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады.

Дене шынықтыру пәні мұғалімінің жеке басының кәсіби құзіреттілігінің ерекшелігі – өзінің ісін толық білуінде. Дәріс бере тұрып оқушылардың жастарына сай психологиялық және педагогикалық білімінің сан алуан қырынан зерттеу үстінде бола тұрып өткізілетін жаттығулардың жүктемесін, оқушылардың физиологиялық жағдайын естен шығармауы тиіс. Жан-жақты сабаққа дайындалып, алдын ала керекті ресурстарды сабақтан бұрын дайындап қойған ұстаз әрқашан қызықты да оқушыларға тиімді сабақ өткізеді. Ал ондай ұйымдастырған сабақтарға оқушылар жаппай белсене қатысып оқуда ілгерілеу пайызын неғұрлым жоғарлату жолында болады.

Жаңартылған мазмұн бойынша сабақ өткізуде тәжірибесі мол ұстаз бағыттаушы ролінде бола тұрып кез келген уақытта оқушыға көмек көрсету арқылы

тапсырмаларды орындауына жол ашып сабақтың мақсаттарына қол жеткізеді. Оқушылар ондай ұстаздың әр кезде көңілінен шығып берілген тапсырмаларды сапалы орындауға тырысады. Нәтижесінде оқушылардың басым көпшілігі үлгерім бойынша алға ілгерілеуде болады. Дене шынықтыру сабақтарын бір сарындылықтан қызықты іске айналдыру мұғалімнің шеберлігіне тікелей байланысты. Сондықтан әр сабаққа дайындалғанда, сабақты жоспарлау үстінде оқушылардың алдыңғы біліміне сүйене отырып тиімді шешім арқылы ойын-қимылдарын түрлендіре түскені қажет.

Дене шынықтыру сабағының міндеті балалардың физикалық дамуы мен қоса салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру деп түсіну керек. Спорттың бір түріне басымдық бере тұрып басқа салаларын естен шығарып алмау керек. Олай дейтінім әр оқушының қызығушылығы спорттың бір түріне арта түседі деп ойламауымнан шығады. Бұл жерде сабақтар өткізу үстінде оқушылардың жеке бас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін бақылауға тиіспіз. Сол байқаулар арқылы сүйген спортына көбірек тарта отырып басқа да спорт түрлерінің маңыздылығына қызығушылығын арттырамыз.

Қорытындылай келгенде дене шынықтыру пәнінің мұғалімінің кәсіби құзіреттілігінің астары тереңде жатқанын ажыратуға болады. Дені сау ұрпақты өсіріп тәрбиелеуде орасан еңбек ету біздің мамандықтың басты борышы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Белошниченко Е. Құзыреттілік педагогикасы: проблемалары, ізденістері, шешімдері // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. 2011. № 1. С. 1016
2. Назарбаев Н.Ә. 2018 жылы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы
3. 2019 жылдың екінші қыркүйегіндегі Президент Қ.К.Тоқаевтің Қазақстан халқына арналған Жолдауы

О.М. Айгожин

РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

В данной статье представлены результаты работы учителей физической культуры, проведенной с целью повышения профессиональной компетентности, за последние три года. Изложены достижения и проблемы, возникшие в этой области и пути их устранения.

Ключевые слова: профессиональная компетентность педагога, предметные знания, педагогико-психологические инновации, программа обновленного содержания

O.M. Aigozhin

THE DEVELOPMENT OF PHYSICAL EDUCATION TEACHERS PROFESSIONAL COMPETENCES IN THE CONDITIONS OF UPDATED CONTENT OF EDUCATION

This article deals with the work of physical education teachers conducted in the direction of increasing professional development over the past three years. The achievements and problems that arose in this area and the ways to eliminate them have been described.

Keywords: teachers professional competence, subject knowledge, pedagogical and psychological innovations, updated curriculum

А.К.ШАДЕТОВА

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Қарағанды қ., Қазақстан
shadetova.a@orleu-edu.kz*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҒЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУ

Мақалада жаратылыстану оқу бағдарламасының «Мен-зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттары оқу жылы бойында барлық бөлімдерді оқыту арқылы жүзеге асырылатыны айтылған. Автор осы бөлімнің мақсатын басқа бөлімнің мақсатымен қалай жүзеге асыруға болатыны туралы мысалдар ұсынған.

Түйінді сөздер: жаратылыстану, мен – зерттеушімін бөлімі, эксперимент, зерттеу әдістері.

Қазіргі оқыту үрдісінің мақсаты оқушыны жан-жақты қалыптасқан, бәсекелістікке бейім жеке тұлға ретінде тәрбиелеу. Оқушылардың ақыл-ойын дамытып, дүниетанымдық өрісін кеңейтуде, ұлттық рух пен сана сезімін қалыптастыруда ғылыми зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізіп, тәжірибеде тиімді пайдалану негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Осыны ескере отырып бастауыш сыныптардан бастап ғылыми жұмыстармен айналысқан дұрыс екендігіне көз жеткіземіз. Ғылымды бастауыш мектепте меңгеруге келесілер негіз болды:

– Ғылыми негіздерді білу балаларға күнделікті оқиғалар мен құбылыстар туралы қисынды ойлауға көмектеседі.

– Пәнді оқыту балалардың зияткерлік дамуына септігін тигізеді.

– Балалар ғылымның адамдардың өмірін жақсартатын әлеуметтік пайдалы әрекет екенін білулері керек.

– Әлемнің одан әрі ғылымға және технологияға бағытталғандығына орай, оқушылар дайын болуы және өздерін сәтті жүзеге асырулары маңызды.

– Ғылымды бастауыш мектепте меңгеру қызықты және оқушылар өздерін «кішкене ғалым» сезіне алады.

Сондықтан бастауыш білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асыруда жаңа пәннің, яғни жаратылыстану пәнінің енгізілуі білім беру саласындағы әлемдік тенденцияларды жүзеге асырудың бастауы деп санауға болады.

«Жаратылыстану» – табиғат заңдылықтары мен құбылыстары туралы ғылымдардың жиынтығы. Бұл пән негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерінің негізін қалауға бағытталған. Осы пәнді оқи отырып, бастауыш сынып оқушылары қоршаған ортаның құпияларын ашады, сырына қанығады. Ал, ол пәнді беретін мұғалімнің міндеті – бұл үдерісті танымды әрі қызықты ұйымдастыру. Табиғат туралы білімін, әлемін оқушылар белсенді ізденушілік, зерттеушілік іс-әрекеттер арқылы танып-білуі тиіс. Сонда ғана сабақта алынған білім баланың есінде қалып, бойына сіңіп, болашақта оқытылатын физика, биология, химия, география пәндерінің берік іргетасын қалайды [1].

Бастауыш сынып «Жаратылыстану» пәні оқу бағдарламасының мақсаты – әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан бейнесі туралы білім негізін қалыптастыру және білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамытуға негізделген. Пәннің осы мақсатына қол жеткізу үшін жаратылыстану сабағы

бағдарламада күтілетін нәтиже ретінде (дағды, білік, білім, ұғым түрінде) тұжырымдалған оқу мақсаттарын жүзеге асыру арқылы және зерттеуге үйрену, зерттеу дағдыларын қалыптастыру «Мен зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттары арқылы орындалады [1].

Осы екі мақсатта ұйымдастырылған сабақтардың негізгі міндеті тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталады.

Бұл міндет «Мен зерттеушімін» бөлімін оқып-үйрену барысында жүзеге асады. Осы бөлімнің оқу мақсаттары оқу жылы бойында барлық бөлімдерді оқыту арқылы жүзеге асырылады, бөлімге жеке сағат бөлінбейді.

Жаратылыстану оқу бағдарламасындағы «Мен зерттеушімін» бөлімінің «Табиғатты тану әдістері» бөлімшесінің оқу мақсаттары зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына, яғни гипотеза жасау, оны тексерудің жолын ұсыну, зерттеу жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, оның нәтижесін бағалау, түрлі формада ұсыну, қорытынды шығару, ақпараттармен жұмыс істеу, оның растығын бағалау сияқты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Жаратылыстану сабағындағы зерттеу, зерттеудің келсі әдістері арқылы жүргізіледі [4]:

- 1) бақылау;
- 2) эксперимент;
- 3) өлшеу;
- 4) модельдеу.

Енді әр әдіске жеке-жеке тоқталайық. Бақылау – зерттеу әдісі. Бақылау барысында зерттеуші бақыланатын процесске белсенді араласпай, тек нәтижесін ғана белгілеп отырады. Бұл зерттеу әдісінің кезеңдері: алдымен бақыланатын нысан таңдалып алынады, бақылаудың мақсаты қойылады, зерттеу уақыты белгіленеді және нәтижесін тіркеу тәсілі таңдалады. Сондан соң бақылау жүргізіліп, қортынды жасалады [2].

Эксперимент – зерттеу әдісі. Бұл зерттеу әдісінің кезеңдері: зерттеу мақсатын қою, бұрын белгісіз қасиеттерін анықтап болжам жасау, зерттеудің идеясын анықтау, жоспар құру, ресурстарын анықтау, өзіндік жұмыс жүргізу, нәтижелерді тіркеу, жұмыс мерзімін нақтылап беру, қорытынды жасау.

Өлшеу – зерттеу әдісі. Бұл зерттеу әдісінің кезеңдері: зерттеу нысандарының ұқсас қасиеттері немесе белгілері бойынша салыстыру, басқа нысандарға қатысын анықтау.

Модельдеу – зерттеу әдісі. Бұл зерттеу әдісінің кезеңдері: Модельдеу мақсаты нысанды талдап, модельді құру, модельдеу технологиясын таңдау (логикалық, информациялық, графикалық құрылымын жасау, жеңілдетілген түрінде бейнелеу), модельдеу нәтижесін талдау (нәтиже мақсатқа сәйкес келеді, мақсатқа сәйкес келмейді).

Зерттеу әдістерімен қатар мұғалім жалпы зерттеу біліктерін де қолдана алады. Олар:

- мәселені көре алу;
- сұрақ қоя алу;
- болжам жасай алу;
- ұғымдарға анықтама беру;
- жіктеу;
- сипаттау, салыстыру;
- қорытынды жасау;
- өз идеясын дәлелдеу және қорғау;
- мәтінмен жұмыс жасау.

Оқу үдерісінде қалыптастырылатын зерттеу біліктерін 4 топқа топтастыруға болады. Олар:

Ұйымдастыру

- жоспарлау;
- мәліметтерді өзгерту;
- нәтижені ұсынудың түрлі формалары қолдану.

Ізденіс

- мәселені көре алу;
- зерттеу әдістерін қолдану;
- байланыстарды орнату;
- мәселені шешу жолдарын табу.

Ақпарат

- ақпарат көздерін пайдалану;
- мәтінді тыңдау, түсіну;
- ақпаратты символ, белгі түрінде тіркеу; қорытынды жасау.

Бағалау

- өз жұмысын бағалау;
- басқалардың ұсынған жұмысын бағалау;
- өз пікірін негіздеу.

Жоғарыда аталған зерттеу әдістері мен зерттеу біліктері қоданылған сабақтағы зерттеу жұмысының ерекше белгілері:

